

1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл жоспары және 1996 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды жоспары туралы<*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 ж. 12 қаңтар N 56. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 13 желтоқсандағы N 2680 Жарлығына сәйкес және экономикалық өзгерістердің жаңа сатысын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. М ы н а л а р б е к і т і л с і н :

1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл жоспары (N 1 қосымша);

1996 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Үкімет шараларының кең ауқымды жоспары (N2 қосымша; N 3 қосымша, құпия).

2. Министрліктер мен ведомстволардың басшылары, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері 1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл жоспары және 1996 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды жоспарында айқындалған заңдық және нормативтік актілердің уақтылы және сапалы әзірленуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

Министрліктер, ведомстволар 1996 жылға арналған шаралардың кең ауқымды жоспарларын 1 ақпанға дейін әзірлесін.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі басқа да мүдделі министрлігімен және ведомстволармен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "1996 жылға арналған Үкіметтің заң жобалары жұмыстарының жоспары туралы" 1995 жылғы 15 желтоқсандағы N 1732 және "Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясының қарауына заң жобаларын Үкіметтің енгізу туралы" 1995 жылғы 15 желтоқсандағы N 1733 қаулыларын осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныстарын екі апта мерзімде ұсынсын.

4. Жауапты орындаушылар болып табылатын Қазақстан Республикасының

министрліктері мен ведомстволары, бірге орындаушылардың келісімімен, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына осы қаулының орындалу барысы туралы ақпарат беруді, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-нан кешіктірмей, тоқсан сайын қамтамасыз етеді деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мүдделі министрліктер мен ведомстволардың қатысуымен 1995-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Үкіметтің Бағдарламасы және Іс-қимыл жоспарының мақсаттары мен міндеттері негізінде аталған Бағдарламаның орындалуын қамтамасыз ететін шаралардың кең ауқымды жоспарын жыл сайын әзірлесін, сондай-ақ Бағдарламаға өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұ с ы н ы с т а р е н г і з с і н .

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мүдделі министрліктер мен ведомстволардың қатысуымен Қазақстан Республикасы Президентінің Бағдарламаларының жүзеге асырылу барысы туралы баяндамасының жобасын тоқсан сайын әзірлесін.

7. 1996 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасының кең ауқымды жоспарын бақылау жасау Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Ескерту: Қосымшалардың ресми аудармасы жоқ, орыс тіліндегі мәтіннен қараңыз.